

№3 қосымша
Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі мемлекеттік
мекемесінің №2 «Айгөлек» бөбекжай
балабақшасының 2025 жылдың
02 қыркүйегіндегі №37\3 бұйрығымен
бекітілді

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ №2
«Айгөлек» бөбекжай балабақшасының психологиялық-педагогикалық қолдап
отыру қызметі маманының міндеттері**

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді табысты тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;
2. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарының негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастырылған оқу іс әрекеті барысында топтық сабақтарды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады;
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
4. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылу, бала, ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар оқушыларды қолдау;
5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер (балалар) санаттарын психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды тәрбиешілер/педагогтер ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында жүзеге асырады, сондай-ақ арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде басқа мамандармен бірлесіп жүзеге асырады;
6. Тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады;
7. Мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандармен бірлесе отырып баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді;
8. Балаға қолайлы эмоционалдық-психологиялық климатқа жағдай жасайды;
9. Кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің (балалардың) жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды;
10. Мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарына қажеттілігіне қарай кеңес береді;
11. Педагогикалық-психологиялық қолдап отыру қызметінің ережесін мамандармен бірігіп дайындайды.

Аты-жөні Айгүл Райгүлжановна Самсаубаева

Атқаратын қызметі логотерапевт

Таныстым Айгүл

Күні, айы, жылы 2.09.2025